

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА
PUBLISHED SINCE 1944

6

АЛМАТЫ
АЛМАТЫ
ALMATY

2016

ҚАРАША
НОЯБРЬ
NOVEMBER

Б а с р е д а к т о р ы

х. ғ. д., проф., ҚР ҰҒА академигі

М. Ж. Жұрынов

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

Абиев Р.Ш. проф. (Ресей)
Абишев М.Е. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Аппель Юрген проф. (Германия)
Баймуқанов Д.А. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Байпақов К.М. проф., академик (Қазақстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Қазақстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Қазақстан)
Велихов Е.П. проф., РҒА академигі (Ресей)
Гашимзаде Ф. проф., академик (Әзірбайжан)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Давлетов А.Е. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Джрбашян Р.Т. проф., академик (Армения)
Қалимолдаев М.Н. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан), бас ред. орынбасары
Лаверов Н.П. проф., академик РАН (Россия)
Лупашку Ф. проф., корр.-мүшесі (Молдова)
Мохд Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Мырхалықов Ж.У. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Полещук О.Х. проф. (Ресей)
Поняев А.И. проф. (Ресей)
Сагиян А.С. проф., академик (Армения)
Сатубалдин С.С. проф., академик (Қазақстан)
Таткеева Г.Г. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Умбетаев И. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Якубова М.М. проф., академик (Тәжікстан)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы»РҚБ (Алматы қ.)

Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде
01.06.2006 ж. берілген №5551-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 2000 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,
www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2016

Типографияның мекенжайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Г л а в н ы й р е д а к т о р
д. х. н., проф. академик НАН РК
М. Ж. Журинов

Р е д а к ц и о н н а я к о л л е г и я:

Абиев Р.Ш. проф. (Россия)
Абишев М.Е. проф., член-корр. (Казахстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Апель Юрген проф. (Германия)
Баймуканов Д.А. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Байпаков К.М. проф., академик (Казахстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Казахстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Казахстан)
Велихов Е.П. проф., академик РАН (Россия)
Гашимзаде Ф. проф., академик (Азербайджан)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Давлетов А.Е. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Джрбашян Р.Т. проф., академик (Армения)
Калимолдаев М.Н. проф., чл.-корр. (Казахстан), зам. гл. ред.
Лаверов Н.П. проф., академик РАН (Россия)
Лунашку Ф. проф., чл.-корр. (Молдова)
Мохд Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Мырхалыков Ж.У. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Полещук О.Х. проф. (Россия)
Поняев А.И. проф. (Россия)
Сагиян А.С. проф., академик (Армения)
Сатубалдин С.С. проф., академик (Казахстан)
Таткеева Г.Г. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Умбетаев И. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Якубова М.М. проф., академик (Таджикистан)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов
Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2016

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

E d i t o r i n c h i e f

doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK

M. Zh. Zhurinov

E d i t o r i a l b o a r d :

Abiyev R.Sh. prof. (Russia)
Abishev M.Ye. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Avramov K.V. prof. (Ukraine)
Appel Jurgen, prof. (Germany)
Baimukanov D.A. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Baipakov K.M. prof., academician (Kazakhstan)
Baitullin I.O. prof., academician (Kazakhstan)
Joseph Banas, prof. (Poland)
Bersimbayev R.I. prof., academician (Kazakhstan)
Velikhov Ye.P. prof., academician of RAS (Russia)
Gashimzade F. prof., academician (Azerbaijan)
Goncharuk V.V. prof., academician (Ukraine)
Davletov A.Ye. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Dzhrbashian R.T. prof., academician (Armenia)
Kalimoldayev M.N. prof., corr. member. (Kazakhstan), deputy editor in chief
Laverov N.P. prof., academician of RAS (Russia)
Lupashku F. prof., corr. member. (Moldova)
Mohd Hassan Selamat, prof. (Malaysia)
Myrkhalykov Zh.U. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Nowak Isabella, prof. (Poland)
Ogar N.P. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Poleshchuk O.Kh. prof. (Russia)
Ponyaev A.I. prof. (Russia)
Sagiyani A.S. prof., academician (Armenia)
Satubaldin S.S. prof., academician (Kazakhstan)
Tatkeyeva G.G. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Umbetayev I. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Khripunov G.S. prof. (Ukraine)
Yakubova M.M. prof., academician (Tadjikistan)

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,
<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2016

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

Z. K. Ayupova¹, D. U. Kussainov²

¹Kazakh national agrarian university, Almaty, Kazakhstan,

²Kazakh national pedagogical university named after Abai, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: zaure567@yandex.ru

TO THE PROBLEM OF THE SPIRITUAL BEGINNINGS, SOCIAL AND PHILOSOPHICAL DIRECTIONS OF THE KAZAKHSTAN EDUCATION SYSTEM

Abstract. Carrying out the social and philosophical analysis of priorities of development of philosophy of education, first of all, needs in studying of the problem of the spiritual beginnings and the social and philosophical directions of the Kazakhstan education system. Therefore authors study the main tendency of history of development and forming of policy of the state in the field of education. For complete and comprehensive disclosure of this problem they deeply researched the legal framework of reform in the education system. The Kazakhstan society endured for the period the XX-th century three eras of the welfare, political, economic cataclysms which were followed by the change of public forms of the organization, cardinal changes in personal and collective consciousness. Owing to social changes of all levels of public relations there was the forming of new value systems and forms of behavior, which radically affected essence and content of process of education. Despite dramatic changes in the conduct of people lives, their interests, expectations and installations, there is a category of concepts of traditional nature. Elements of the stable, stereotypic, repeating relations and the relations create uniqueness of each society, each social unit. There is a set of the theories, explaining these or those processes in life of the society from the point of view of this or that science which directly belongs also to education philosophy. This knowledge consists of the experience accumulated during the certain period of development of human society, and then science and pedagogical process. Being reflected in the sources of material and spiritual culture of each society, this knowledge sometimes has heuristic value for the modern era. Forming and development of the pedagogical thought of Kazakhstan was considered in the Kazakhstan science in the context with specific forms of the social and social being, outlook, and systems of social values of the Kazakh people.

Key words: education system, religious schools, madrasah, knowledge - wealth, priorities in an education system, “Bolashak” program, distance training, competence forming, system of pedagogical education, the law “About Education”.

УДК 341.78

З. К. Аюпова¹, Д. Ө. Құсайынов²

¹ҚазҰАУ, құқық кафедрасы, Алматы, Қазақстан,

²Абая ат. ҚазҰПУ, саясаттану мен әлеуметтік-философиялық жалпыуниверситеттік кафедрасы,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНІҢ РУХАНИ АРНАЛАРЫ МЕН САЯСИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ МӘСЕЛЕСІНЕ

Аннотация. Білім философиясының дамуындағы басымдықтарға әлеуметтік-философиялық талдау жасау, ең алдымен қазақ елінің білім жүйесіне, оның рухани бастауларына әлеуметтік-философиялық талдау жасауды, оның бағыттарын ашып көрсетуді қажет етеді. Сондықтан да бұл мақаланың авторлары мемлекеттік білім беру саясатын қалыптастырудың тарихы мен заманауи тенденцияларын зерттеуден бастаған. Бұл мәселені толығымен ашу үшін олар қазақстандағы білім жүйесінің рухани арналары мен саяси-философия-

лық бағыттары мәселесіне тоқталған. XX ғасыр ішінде қазақстан қоғамы бірнеше дәуірлерді басынан өткізіп, әлеуметтік-мәдени, саяси, экономикалық катаклизмаларға тап болды. Олар қоғамның және жеке адамның сана сезіміне түбегейлі өзгерістер әкелді. Қоғамдық өмірдің барлық деңгейлерінде болған өзгерістердің әсерінен қоғам өмірінде жаңа рухани құндылықтар жүйесі қалыптасып, адамдардың іс-әрекеттері өзгерді, осылардың барлығы білім жүйесінде де, оның мәнімен мазмұнында да өзгерістер жасау қажеттіктерін туындатты. Дегенмен де адамдар өміріндегі өзгерістер, олардың мүдделері қанша өзгерсе де, қоғамда дәстүрлі өзгермейтін құндылықтар да сақталды – ол білім алуға талпыну. Бұл құндылықтар қоғамдағы тұрақты құндылықтарға айналып, қанша өзгерістер болса да, халық үшін өз қажеттігін жоймаған, қоғамдағы ғылым мен техниканың жетістігі не деген талпыныс ретінде сақталды. Сондықтан да қоғамдағы көптеген теориялар, ғылыми бағыттар өз жетістіктерін білім философиясын дамытуға тікелей әсерледі. Бұл белгілі бір адамзат қоғамының даму кезеңінде жинақталған тәжірибе мен білім өз жемісін педагогикалық процессті одан әрі қарай жұмсауға қолданылды. Әрбір қоғамның материалдық және рухани мәдениетінің бастауларының жеміс ретінде осы жинақталған білім қазіргі қоғам үшін эвристикалық маңызға ие. Қазақстан Республикасының педагогикалық мұралары заңсыз қазақстан ғылымда қоғамдық сананың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып қазақ халқының әлеуметтік құндылықтар жүйесін құрайды.

Түйін сөздер: білім жүйесі, діни мектептер, медресе, білім-байлық, білім беру жүйесіндегі басымдықтар, «Болашақ» бағдарламасы, қашықтықта оқыту, біліктілікті қалыптастыру, педагогикалық білім беру жүйесі, «Білім туралы» заң.

Қазақстан республикасындағы білім жүйесін одан әрі қарай жетілдіру мен қалыптастыру, еліміздің стратегиялық мәселелерінің біріне айналып отыр. Сондықтан да мемлекетімізді нығайту ісі білім беруді дұрыс бағытқа қоюмен тікелей байланысты. Бұл бағытта халқымыздың білімді азаматтары өз ойларын ашық айтуда «анахарсистен Абайға дейін шамамен екі мың бес жүз жыл... Осы уақыт аралығы, - дейді академик Ғ. Есім, - ... халқымыздың мәдениетінің тарихи кеңістігі. Жиырма бес ғасыр ішінде бірнеше ренессанстық жағдай міндетті түрде екі компоненттен тұрады. Бірі - жаңа өркениеттік сапалық өзгеріске ұмтылу, екіншісі - алдағы өткен мәдени дәстүрді жаңарту, жаңалау. Демек, ренессанстық жағдайларда алдыңғы мәдени дәстүр мүлдем жойылмай, даму эволюциялық жолмен жүреді. Ренессанс дегеніміз мәдениеттің өзін-өзі өз ішкі даму заңдылықтарына сәйкес жаңарып, жаңғырып отыруы. Ренессанс әлемде өтпелі дәуірлерде көрінеді. Ондай дәуірлер Ренессанстық тұлғаларды туғызады» [1].

М. Дулатовтың өзі айтқандай: «Басқа жұрттың алдында біз мақтанарлық артықшылығымыз бар десек, ол ескілікті халық әдебиетіміздің байлығы. Кемеңгер билер, кең ойлы ерлер, топ жарған шешен, ақын бізде болған. Тақпақсыз бізде сөз сөйленбеген. Өзге қара халықтардай біздің қазақ «Ертеңгі күннің қамы» үшін ер қашты болып қажымай, кең дүниеде қызық дәурен, ұлы дүбір, шаршы топта сөз бәйгесіне қосылып, жүлде алған жұрт» [2].

Біздің ежелгі замандағы ата-бабаларымыз ұрпағына білім беру негізін бесікте жатқан кезінен бастап қалаған. Баласын өлең-жыр мен әңгіме, ертегі, тақпақ, санамақ арқылы ұлттық тәлім-тәрбиенің негізімен сусындатқан. Оларға да сол кездерге сай табиғатқа табыну, ата-бабалардың әруағына сыйыну тән еді. Табиғат күштерін киелі рух деп ұғып, оларға құрбан шалатын. Сондай-ақ күнге, отқа, айға, жұлдыздарға табынатын. Аспан шырақтары жыл қайырудың негізі саналды. Мал баққан көшпенділер көшіп-қону кезінде аспан денелерінің қозғалысын бақылай жүріп, ондағы белгілі заңдылықтарды өмірде пайдалана біліп, соларға қарап жолдарды, егін салу мерзімін белгіледі, әдіт-ғұрыптарды реттеп отырды. Сол кезде негізі қаланған салт-дәстүрлердің қанша ғасыр өтсе де өзгеріске түспей бізге де жеткенінің куәсіміз.

Көптеген діни мектептер (мұсылманық бастауыш орны) мен медреселер (діни жоғары оқу орындары) жұмыс істей бастағаны белгілі. Қазақстанда қанша мектеп пен медресе болғандығы туралы нақты мәлімет жоқ. Әйтсе де, Исфиджаб, Тараз, Отырар, түркістан, т.б. қалаларда ірі медреселердің болғаны мәлім. Мұсылманша сауат ашу ауыл-ауылдың бәрінде, елді мекендердің көпшілігінде болды. Ауыл мектептерінде молдалар ұстаздық еткен. Олардың еңбек ақысы халықтан жиналды. Балалар оқуға 7 жастан бастап қабылданды. Оқу мерзімі - 4 жыл болды. Оқу ақысы заттай төленді. Жыл аяғында емтихан тапсырып, мектеп бітіргені үшін куәлік берілді. Сауат ашу жолы араб әріптері мен сөздерін жаттауға негізделген еді, Араб тілінде Құранның мәтіні жатқа оқытылатын. Медреселер (көбіне қалаларда болған) шариғат заңдарын түсіндіретін жоғары лауазымды дін қызметкерлері даярланған. Бұлар мұсылман рәсімін тарататын арнаулы оқу орны ғана емес мәдениет ошағы ретінде де қызмет атқарды. Талай атакты ақындар мен ағартушы-

демократтар осындай медреселерден білім алып шықты. Бұо оқу орындарында құдай жолын үйрететін пәндерден басқа заң, тарих, логика, риорика, география, философия, математика, астрономия, медицина, т.б. пәндерді өтетін. Медресе жанында оқу залдары, кітапханалары болды, шәкірттер шығыс ойшылдарының туындыларымен танысты.

Халқымыздың «Оқу - оқу түбі тоқу», «Білімнен асар байлық жоқ», т.б. мақалдарынан табанды еңбекпен маңдай терді төгумен ғана миға қонатынын жақсы түсінгенін көреміз. «Оқу инемен құдық қазғандай», «Оқығанына мәз болма, тақығанына мәз бол», «Ғалым боп ешкім тумайды, жетіледі оқумен». Яғни оқу - адамның аса күрделі әрекетінің бірі, көп еңбектену арқылығана жан-жақты білімді адам бола алады дейді.

Қазақ халқында оқымыстылықтың пайдасы мен қуатының түсінікті болғандығысондай, олар мұғалім ұстап, хандардың өзі білім алуды жолға қойған. Жәңгір ханның басшылығымен Бөкей ханның ордасында мектеп ашылғанын тарихтан білеміз. Сабақ мектептерде әр жылдың күзінің (қазан айында) басында басталып, келесі жылдың маыр айында аяқталған. Әр жылдың желтоқсан айында мектепте емтиханға оқушылардың ата-аналары да қатыстырылған. Сол күні хан және басқа ақсүйектер мектепке жиналып, әртүрлі қызықты шаралар өткізген. Бұл - сол заманның өзінде біздің бабаларымыз ұрпағының білімді болуына атсалысқанының айғағы. Бұдан отбас мен мектептің бірлікте балаға білім беру жолдарын пайдалана білгенін көреміз.

Қазақтың жас ұрпаққа білім беру мектебі ақын-жазушылар мен билердің өсиеттері, ғибраттары және халық мақал-мәтелдері, тыйым сөздері мен ұлттық салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпы десек артық болмайды. Халықтың осы қағидалары шын мәнісінде жас ұрпақ түгіл ересек адамдарға да үлкен әсерін тигізіп, ұлттық сана-сезімін ояттып, тәлім-тәрбиелік, танымдық мектебіне айналды [2].

Дін дегеніміз – көзқарастар жүйесі мен іс-әрекеттер тізбегі және Алланың адамзат баласына салып берген қасиетті жолы. Діннің арқасында көкірегі ояуадамдардың баршасы да көздеген мақсаттарына жетуге мүмкіндік алады.

Дін негізінен екі бөлімнен тұрады. Олар: көзқарастарды қалыптастыру және адам қылықтарын айқындау. Қалыптасқан көзқарастардың алғашқы түрі дінге екіге бөлінеді. Оның алғашқысының көмегімен діннің мән-мағынасын білдіру мен дәлелдеуге қол жеткізсек, ал екіншісінің көмегімен дін жолын қушылардың қылықтарын айқындауға мүмкіндік аламыз. Ізгілікті дін арқылы айқындалған көзқарастар ақиқат тәрізді немесе нағыз ақиқат екендігі даусыз. Ал ақиқат дегеніміздің өзі әр адамның білімділігі мен табиғи қасиеттерінің арқасында көз жеткізген өмір шындықтары болып табылады. Шын мәнісіндегі табиғи қасиеттеріне де, өмірден алған біліміне де сенімсіздік танытушылық жағдайына түсіп, көзқарастардың алғашқы түрімен қаруланбаған кез келген дін сияқты, көзқарастардың дәл осы сипатындағы екі түріндегі қасиеттерден алшақтық танытқан дін де адасушылық пен қателіктерге бой ұрады. Ізгілікті дін философия тәрізді теориялық және тәжірибелік болып екіге бөлінеді.

Ойшылдық теориялық философия дегеніміз - адамның танып білген, бірақ толық жүзеге асыра алмағандары болып табылады.

Ал тәжірибелік философияны адамның танып-білуі арқылы ойдағыдай жүзеге асырған игі мұраттары.

Діннің тәжірибелік бөлімі толығымен тәжірибелік философияның құрамына кіреді. Осыдан дін саласында тәжірибелік сипат туындайды. Оның басты қасиеті - тәжірибе арқылы айқындалып, белгілі бір тұрпатқа ие болған тұтастық болып саналады. Алдын ала болжанған істерге басшылық жасау айқындалмаған істерге қарағанда, мағыналы болғандығы ақиқат. Бұл жағдай «жай адамға» қарағанда білімді «жазғаш адамның» мәндірек болатыны сияқты. Демек, ізгілікті шарияттар (қағидалар) тәжірибелік философияның құрамына кіріп, оның тұтастығын ойдағыдай қамтамасыз етіп отырады.

Демек дінде құрайтын екі бөлім де философиядан алынған. Олай болса, ғылымның саласы немесе ғылымнан алынған белгілі бір нәрсе жайында сөз болғанда, оның екі түрінің қалыптасқандығын аңғарамыз.

Діннің қағидаларын танып-біле отырып, оны жан-дүниесімен қабылдаған адамдардың көпшілігі өзінің дінге берілгендігі мен табиғи көңіл-күй жағдайына сай діни ұстанымдар ұсынып, белгілеген қағидаларды мүлтіксіз орындайды және өз жағдайына байланысты атақ-даңқ пен молшылықтың қадір-қасиетін білетіндер де осы көшке қосылады.

Ізгілікті діннің көзқарастарын анықтап және оларды тексеруге болмайды, өйткені ізгілікті діннің өзі де табиғатына сай ізгілікті қағидаларды өз бойына сіңіре де біледі. Дәл осылай ойлаған әрбір адам заңдардың тамаша білгірі болып саналады.

Жоғары білімді дамыту стратегиясының міндеттері мен мақсаттарына Республика Президенті Н. Ә. Назарбаев отандастарына арнаған Үндеуінде Қазақстанның жоғары мектебі жоғары білімнің алғашқы ұлттық моделін құру мақсатында ауқымды реформалауды жүзеге асырған жағдайлардың төтенше күрделілігін атап көрсетті: «Білім жүйесі бүгінде орасан зор қиындықтарды жеңе отырып, жұмыс істеуде. Ашық айтайын: Президент, Үкімет, барлық деңгейдегі білім басқару органдары қол қусырып отырған жоқ, білімнің Стратегия арнасында дамуына қуатты серпін беру үшін қолдан келгеннің бәрін істеуде» [3].

Республика басшылығының Қазақстан Республикасы Конституциясының аса маңызды қағидаларын жүзеге асыру жолдарын іздестіруінің дәлелі - «Мемлекет білім жүйесінің басым дамуына кепілдік береді» – еліміз егемендік алғаннан кейінгі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» (1993 ж.), «Жоғары білім туралы» (1995 ж.) алғашқы Заңдары, одан кейінгі 1997-2002 жылдарға арналған Орта білім жүйесін мемлекеттік ақпараттандыру бағдарламасы, Қазақстан Республикасындағы гуманитарлық білім бағдарламасы (1995 ж.), Парламентте қабылдау үшін кеңінен талқыланған «Білім туралы» жаңа Заң жобасы - және, ең ақырында, «Білім туралы» Заң Жобасының актуальдығы жөнінен теңдесі жоқ 51-баптың мазмұны («Сапасыз білімнің келтірген зиянын өтеу»). Бұл бап бірінші рет оқу орындарына білімнің сапасы үшін жауаптылықты нормативтік түрде бекітуді мақсат етеді. Дүниежүзілік білім жүйесін қамтыған ғаламдық дағдарыс Қазақстанға да әсер етпей қойған жоқ. Қазір ХХ ғасырдың мәресіндегі геосаяси болмыстар негізінде білімді реформалау қажеттігі алға қойылуда. Мәселен, БҰҰ-ның мағлұматтары бойынша, Қазақстан Республикасы 1997 жылы адамзат дамуының индексі жөнінен 93-орын алды, ал 1991 жылы БҰҰ-ның 148 мүшесі арасында 61 орында болатын.

Қазақстанның жоғары білім жүйесі үшін мынадай айқындық енгізу керек: Батыс пен Шығыстың барынша дамыған елдеріндегі білім дағдарысы тез өзгеріп жатқан технология саласындағы бәсекемен байланысты болса - ол «ақпараттық артық өндіріс» деп аталған, - онда Қазақстан үшін білім дағдарысы индустриялық дәуірге дейінгі кезеңге мәжбүрлі шегіну қаупін немесе шикізат өндіруші, нашар дамыған қоғамның мәңгі мәртебесін иеленуді білдіреді.

Бүгінде Қазақстандағы жоғары білім елдің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан - 2030» Стратегиясында анықтап бергендей, басты ұлттық басымдықтардың бірі ретінде жауапты міндет атқарады. Нақ жоғары білім ғана мәдениет түзуші, интеграциялаушы міндеті арқылы, білімнің сапасы, аумақтығы мен гумандығы арқылы Қазақстанның өмір сүруын, ұлттық қауіпсіздігі мен гүлденуін қамтамасыз етуі тиіс.

Қазақстанда жоғары білімді дамыту стратегиясы оны орнықты дамыту, білімді аумақтандыру, үздіксіз білім беру, реформалар процесінің үздіксіздігі, әлеуметтік даму барысын болжау мүмкіндіктері, мәдениетті, тұрмыс салтының өзгешеліктері мен құндылықтарды сақтау, бейбітшілік ісіне, аданың бостандығына, құқығына үлес қосу, әлеуметтік және этикалық ынтымақтастық концепциялары негізінде құрылады. Мұнда теңдікке, әділеттікке, ынтымақтастық пен еркіндікке негізделген бейбітшілікті нығайтуға, дамытуға басты назар аударылады.

Біздің мемлекетіміз болашақ ұрпақты дүние жүзінің таңдаулы университеттерінде даярлау ісіне зор көңіл бөлуде. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев студенттерді АҚШ-та, Англия, Германия мен Францияда оқыту үшін әрқайсысына стипендия тағайындады. Шетелдік жоғары оқу орындарына жіберілген алғашқы студенттің бәрі бірдей жоғары сенімді ақтамаса да, өзге де ұйымдастыру кемшіліктері кездесті. ТМД мемлекеттерінің бірде біреуі өз азаматтарының шетелдерде оқуына мұндай көп қаржы босатпағаны айқын факт. «Болашақ» бағдарламасын жүзеге асырудың нормативтік-құқықтық базасы жетілдірілуде. 1997 жылы жаңа ереже бойынша 88 степендиат іріктеліп алынды.

Коммуникациялар мен байланыс жүйелерінің дамуына қарай дистанциялық оқыту формасы барған сайын зор маңызға ие болып, халықтың қалың бұқарасының жоғары білім алу мүмкіндігін кеңейтеді. Бұған қоса, дистанциялық оқыту формасы білім қызметін пайдаланушылардың, сондай-ақ оны ұстанушылардың дүниежүзілік білім кеңістігіне шығуының нақты жолдарының бірі болып табыларды. Сондықтан дистанциялық оқытудың тамаша болашағы бар, қазірдің өзінде Білім, мәдениет және денсаулық сақтай министрлігі оқытудың бұл формасын дамыту шараларын қолдануда.

Қазақстандық білім жүйесінің жүниежүзілік білім беру рыногына шыға бастауы білім туралы біздің құжаттарымызды шетелдерде және шетелдік осындай құжаттарды біздің елімізде тану жөніндегі жұмыстарды өрістетуді актуальды ете түседі. Қазақстан Республикасы өкілдерінің Лиссабон Конференциясына қатысуы және ресми емес жағдайда «Лиссабон тану конференциясы» деп аталатын «Еуропа аймағында жоғары білім саласындағы біліктілікті тану туралы» Конвенцияға қол қоюы осы әрекеттің жүзеге асуына жәрдемдесуі тиіс. Бұл жағдайда атаудағы «біліктілік» термині жоғары білім арқылы алынған біліктілікті және жоғары білім алуға жол ашатын біліктілікті білдіреді.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді дамыту стратегиясы Республика Конституциясының қағидаларына, ел Президентінің халыққа арнаған «Қазақстан - 2030» Жолдауына, ЮНЕСКО-ның, ОЭСР-дің халықаралық білім саясатының материалдарына және т.с.с. негізделеді. Аталған құжаттарға сәйкес Қазақстан Республикасындағы жоғары білім мемлекеттің ұзақ мерзімдік басымдықтары арасында ерекше орын алады және ол шын мәнінде ұлттық қауіпсіздік проблемасы болып табылады.

Жоғары білім мемлекет қызметінің барлық жақтарына - экономикалық, әскери, экологиялық, технологиялық, мәдениет, басқару және басқа салаларына түгел дерлік ықпал етеді.

Рухани өндірістің аса маңызды бұл саласы қоғамның қызмет етуінің интеллектуалдық және экономикалық базасын құрайды. Ол мәдениетті сақтаудың және оны болашақ ұрпаққа жеткізудің басты құралы болып табылады.

Н. Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында болашақ, келесі ғасырға, жаңа мыңжылдыққа, қашық болашаққа өтетін құндылықтар туралы айтты: «Біз өзіміздің болашағымызды және балаларымыздың болашағын қандай күйде көргіміз келеді, осыны айқындап алатын уақыт жетті. Біз ненің іргесін тұрғызымыз келетінін, таңдап алған мақсатымызға алып келетініз дамуымыздың траекториясы, даңғылы қандай болуға тиіс екенін анық білуге және ұғынуға тиіспіз [4].

Өзіміздің басым мақсаттарымызды дұрыс айқындап, тиісті стратегияларымызға таңдау жасап, осы жолмен жүру үстінде ерік-жігер мен төзімділік таныта отырып, біз өзімізді бұралаң-бұрылысты сенделістерден, күш-қуатымызды, уақытымыз бен ресурстарымызды зая кетіруден сақтандырамыз».

Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесін дамытудың 2015 жылға дейінгі тұжырымдамасы мен Білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында айқындалған еліміздегі білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық бағыттары бүгінгі күні әлемдік бәсекеге қабілетті жас ұрпақты қалыптастыруға бағытталған. Педагогикалық білім беру жүйесінің сапалы болуы оның ХХІ ғасырдағы жедел жаңғырулар талаптарына сай басқару әдістерінің тиімділігіне тікелей байланысты. Бүгінгі білім беру үрдісі қарыштап дамуда, оның жылдан-жылға үдеп, басқару үрдісінің алдында келе жатқанын да мойындап отырмыз.

Бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздегі жаңа қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен халықтың психологиясы қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеп өсіру - отбасының, балабақшаның, орта және жоғарғы білім беру ошақтары мен барша халықтың міндеті. Бұл процестің стратегиялық негіздері Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халықтық жолдауындағы «Қазақстан-2030» стратегиясында; (1997 ж.) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында (1999 ж.): - Білім беру жүйесінің басты мақсаты ұлттық мәдениетіміз бен халық педагогикасының негіздерінде, әрбір жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасау, - деп көрсетілген. Осы тұжырымдарды Білім және Ғылым қызметкерлерінің ІІ-ші съезіне (2001 ж.) қатысушылар алдында сөйлеген Президент: - «Білім беру ісіндегі рухани дәстүрлерді сақтап, жаңаша жетілдіріп дамыта беру керек. Бұл жүйедегі оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі үзіліп қалды. Сіздер мен біздер тек болашақ буындарды ғана емес, жалпы адамзаттық қадір-қасиеттердің мәне мен маңызын түсінетін, жаны да, тәні де таза білімді азаматтар тәрбиелеуге міндеттіміз. Олардың отаншылдық сезімдерін тәрбиелеуге, білім берудің мектепке дейінгі жүйесі мен жоғарғы оқу аралықтарын үндестіре ұйымдастыру көкейтесті мәселе болып табылады», - деп атап көрсеткен еді. Қазақстанның ХХІ ғасырдағы болашағы көп жағдайда оның құрамдас бөлшектерінің дұрыс тепе-теңдікті ұстап, тұрақты, ілгері дамып отыруына байланысты болады.

Қорыта айтқанда, соңғы жылдары елдің рухани өмірін зерттеуге ерекше ден қойыла бастады, себебі оның тіршілік ету ортасында мәдени кескіндердің сан алуан белгілерін, дәстүршілдік пен

жаңашылдықтың өзара әсерінен туған жаңа дүниелерді кездестіруге болады. Қоғамдық сана-сезім мен қоғамдық тіршілікте үнемі қайта туып, жалғасын тауып отыратын мәдениеттің осы бір бөлігін дәстүр деп түсінеміз, ал жаңашылдық деп мәдениеттің жаңа түрлері мен әлемдік мәдениет қорынан алынған жеке, әлде дайын кешенді дәстүрлерді айтамыз. Сондықтан да, білім беру саясатында, қазіргі Қазақстан Республикасында жүргізіліп отырған сабақтастық мәселелері басты рөл атқарады, себебі қазақ елінде білім беру бағытында жиналған бай тәжірибе қазіргі индустриалды инновациялық экономиканы қалыптастыруға тікелей қызмет етуі тиіс.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Есімов Ф. Хакім Абай. – Алматы, 1994. – 2004 б.
 [2] Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жиынтығы. – III т. – Алматы: Мектеп, 2003. – 400 б.
 [3] Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы». – 27 шілде 2007. – Алматы, ЮРИСТ, 2008.
 [4] Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. – 15 қараша 2015 <http://www.akorda.kz/>

REFERENCES

- [1] Esimov G. Abai Khakim. Almaty, 1994. 31 p. (in Kaz.).
 [2] Dulatuly M. Compositions in V volumes. Vol. III. Almaty: Mektep, 2003. 400 p. (in Kaz.).
 [3] Law of the Republic of Kazakhstan “About education”. 27 July 2007. Almaty: JURIST, 2008 (in Kaz.).
 [4] «Kazakhstan in new global reality: growth, reforms, development». Message of the President of the Republic of Kazakhstan to the people of Kazakhstan. November 15, 2015 <http://www.akorda.kz/> (in Kaz.).

З. К. Аюпова¹, Д. У. Кусайнов²

¹КазНАУ, кафедра права, Алматы, Казахстан,

²КазНПУ им.Абая, общеуниверситетская кафедра политологии и социально-философских дисциплин, Алматы, Казахстан

К ПРОБЛЕМЕ ДУХОВНЫХ НАЧАЛ И СОЦИАЛЬНО-ФИЛОСОФСКИХ НАПРАВЛЕНИЯХ КАЗАХСТАНСКОЙ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация. Проведение социально-философского анализа приоритетов развития философии образования, прежде всего, нуждается в изучении проблемы духовных начал и социально-философских направлений казахстанской системы образования. Поэтому авторы изучают основную тенденцию истории развития и формирования политики государства в области образования. Для полного и всестороннего раскрытия данной проблемы они глубоко исследовали законодательные основы реформы в системе образования. Казахское общество пережило за период XX века три эпохи социально-культурных, политических, экономических катаклизмов, сопровождавшихся переломом общественных форм организации, кардинальными изменениями в личном и коллективном сознании. Вследствие социальных изменений всех уровней общественных связей произошло формирование новых систем ценностей и форм поведения, которое коренным образом повлияло на сущность и содержание процесса образования. Несмотря на столь разительные перемены в образе жизни людей, их интересов, ожиданий и установок, существует категория понятий традиционного характера. Элементы устойчивых, стереотипных, повторяющихся связей и отношений формируют уникальность каждого общества, каждой социальной единицы. Существует множество теорий, объясняющих те или иные процессы в жизни общества с точки зрения той или иной науки, которые непосредственно относятся и к философии образования. Эти знания складываются из опыта, накопленного в определенный период развития человеческого общества, а затем науки и педагогического процесса. Отражаясь в источниках материальной и духовной культуры каждого общества, эти знания порой имеют эвристическое значение для современной эпохи. Формирование и развитие педагогической мысли Казахстана рассматривалось в казахстанской науке в контексте со специфическими формами общественного и социального бытия, мировоззрения, систем социальных ценностей казахского народа.

Ключевые слова: система образования, религиозные школы, медресе, знания-богатство, приоритеты в системе образования, программа «Болашак», дистанционное обучение, формирование компетентности, система педагогического образования, закон «Об образовании».

Сведения об авторах:

Аюпова З.К. – Doctor of juridical sciences, professor, chair of law, Kazakh national agrarian university, Almaty, Kazakhstan

Кусайнов Д.У. – Doctor of philosophy sciences, professor, interuniversity chair of politology and socio-philosophy disciplines, Kazakh national pedagogical university named after Abai, Kazakhstan, Almaty

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www:nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518-1467 (Online), ISSN 1991-3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, Т. М. Апендиев*
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 30.10.2016.
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
12,4 п.л. Тираж 2000. Заказ 6.